

«ПМХЗ» ЖШС-нің 2025 жылғы бекітілген инвестициялық бағдарламаларының орындалуы туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі

Қосалқы тұтынушыларды жылумен және электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мен ҚР Ұлттық экономика министрлігі Павлодар облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменті 2021 жылғы 27-28 қазандағы және 12-15 қарашадағы № 92-НҚ, № 98-НҚ бұйрықтарымен «2022 жылғы 01 қаңтардан 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге «ПМХЗ» ЖШС-нің жылу және электр энергиясын беру және бөлу қызметтеріне екі инвестициялық бағдарламаны» бекітті.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаларға «ПМХЗ» ЖШС-нің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша қосалқы тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын іс-шаралары ғана енгізілді. Инвестициялық салымдардың тарифке әсері шығындарды меншікті тұтыну және қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне пропорционалды түрде бөлуді ескере отырып, амортизациялық аударымдармен шектеледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібінің» 10-тарауының 323-бабына, «Реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту тәртібінің» 13-тарауының 367-бабына сәйкес табиғи монополиялар субъектілері үшін қызмет тиімділігінің көрсеткіштері тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып бекітіледі.

Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС тарифтері табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің шығынды әдісін қолдана отырып бекітілгеніне байланысты «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері, уәкілетті органның мақсатты және басқа да көрсеткіштері бекітілмеді.

Табиғи монополиялар және жылу энергетикасы туралы заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес «ПМХЗ» ЖШС 2025 жылғы 01 шілдеден бастап «Жылу энергиясын беру және бөлу» қызметі бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығарылды. Осыған байланысты орындалу барысы туралы ақпарат берілмейді.

Электр энергиясын беру және бөлу қызметіне бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат

«ПМХЗ» ЖШС-нің электр энергиясын беру және бөлу бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламасына сәйкес 2025 жылы № 11 РУ-6кВ РП-080 ұяшығының май ажыратқышын ҚҚС-ны қоспағанда 2 727 мың теңге сомасына RSW-10/1 тарату құрылғысына бейімдеу жинағы бар ВВ/TEL вакуумдық ажыратқышына ауыстыру көзделді.

«Алматы энергетикалық компаниясы (АЭК)» ЖШС-ден ҚҚС-ны қоспағанда 3 635 мың теңге сомасына тауарды жеткізуге 2025 жылғы 02 мамырдағы

тапсырыстың негізінде RSW-10/1 шкафтарына арналған бейімдеу жинағы бар ВВ/TEL-10 вакуумдық ажыратқышы жеткізілді (2025 жылғы 21 шілдедегі №4 ЭШФ, 2025 жылғы 28 шілдедегі 14003 кіріс бақылау актісі).

«ПМХЗ» ЖШС электрмен жабдықтау цехы №11 РУ-6кВ РП-080 ұяшығының май ажыратқышын («НПОТЭЛ» АҚ зауыты өндірген, Йошкар-Ола қ., РФ, сериялық нөмірі 3111008) RSW-10/1 шкафтарына арналған бейімдеу жиынтығы бар ВВ/TEL-10 1000А вакуумдық ажыратқышқа ауыстыру бойынша жұмыстарды жүргізді. 299,7 мың теңге сомасына ВВ/TEL-10 1000А вакуумдық ажыратқышын монтаждау, баптау және сынау орындалды (2025 жылғы 31 қазандағы 14041 бухгалтерлік анықтама). Монтаждау-баптау жұмыстарын ескере отырып, ажыратқыштың құны ҚҚС-ны қоспағанда 3 934,7 мың теңгені құрады (2025 жылғы 25 қарашадағы №932 ҰА-1).

Жұмыстар Қазақстан Республикасының ЭОҚ талаптарына және өндіруші нұсқаулығына сәйкес орындалды. RSW-10/1 шкафтарына арналған бейімдеу жинағы бар ВВ/TEL-10 1000А вакуумдық ажыратқышы пайдалануға берілді (2025 жылғы 13 қазандағы қолданысқа енгізу актісі).

Оқшаулағыштардың диэлектрлік қасиеттерінің жоғалуына, қозғалмалы бөлшектердің механикалық тозуына, жөндеуге арналған қосалқы бөлшектердің болмауына байланысты РУ-6 кв РП-080 май ажыратқыштарының бірі 2025 жылғы 13 қазанда пайдалануға берілген вакуумдық ажыратқышқа ауыстырылды, түгендеу нөмірі 00280021 (2025 жылғы 25 қарашадағы №932 ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісі қоса беріледі).

2025 жылға арналған бекітілген тарифтік сметада «ПМХЗ» ЖШС инвестициялық бағдарламасын қаржыландыру көзі ретінде төмендегілер:

амортизациялық аударымдар 670 мың теңге мөлшерінде;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен пайда 2 057 мың теңге мөлшерінде бекітілді.

ЖИЫНЫ 2 727 мың теңге.

2025 жылы электр энергиясын беру және бөлу қызметіне тарифтік сметада нақты қалыптасқан шығындарға сәйкес шығындарды бөлуді ескере отырып, меншікті және қосалқы тұтынушыларының тұтыну көлемдеріне (кВтсағ.) пропорционалды шығындарды ескергенде, 2 183 мың теңге мөлшерінде амортизациялық аударымдар инвестициялық жобаны қаржыландыру көзі болып табылады.

Амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетілген қызметтердің нақты көлемін ескере отырып, электр энергиясын беру және бөлу қызметін көрсетуге тартылған негізгі құралдардан 80 537,827 мың кВтсағ. немесе тарифтік сметада бекітілгендермен салыстырғанда 13,4%-ға кем амортизациялық аударымдар негізінде есептелді. 2025 жылдың қорытындылары бойынша кәсіпорын реттелетін қызмет көрсетуден пайда алған жоқ.

2025 жылы инвестициялық бағдарлама толық орындалды. Амортизациялық аударымдар сомасынан сатып алынған жабдық құнының 1 751,7 мың теңгеге ұлғаюы тарифтің өсуіне әкелмеді, себебі кәсіпорынның нақты шеккен шығындары мен бекітілген тарифтік сметадағы шығындар арасындағы айырманы «ПМХЗ» ЖШС негізгі реттелмейтін қызмет есебінен жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің

қызметін жүзеге асыру қағидаларының Техникалық сараптама жүргізу тәртібі 3-параграфына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге техникалық сараптаманы 2026 жылғы 13 наурыздағы № 1191421/2026/1 электрондық шарт негізінде «DB Energoaudit» ЖШС уәкілетті тұлғасы (сарапшы, сараптама ұйымдары) жүргізді. Электр энергиясын беру және бөлу қызметтеріне инвестициялық бағдарламаның орындалуына техникалық сараптаманың қорытындысы алынды.

Осылайша, 2025 жылға арналған бекітілген инвестициялық бағдарлама орындалды – жоспарланған жабдық сатып алынды және пайдалануда. Вакуумдық ажыратқыш коммутациялық модульден, басқару модулінен тұрады және үш фазалы ауыспалы тоқ желілеріндегі қалыпты және авариялық режимдер кезінде электр тізбектерінің коммутациясына арналған.

Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС-нің 2025 жылғы 1,2,3,4 тоқсандағы бекітілген инвестициялық бағдарламаларының орындалуы туралы есептері 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының» 5-қосымшасына сәйкес кәсіпорынның сайтында орналастырылды.





